

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙИНГИ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
МЕКЕМЕЛЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ҚҰЗЫРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ БІЛІМ
БЕРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАРЫН АТТЕСТАЦИЯДАН
ӨТКІЗУ ҮШІН БІЛІКТІЛІК СЫНАҒЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Ташкент – 2026

**ЖАЛПЫ ОРТА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕН ТЫС БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГ КАДАРЛАРЫН АТТЕСТАЦИЯДАН
ӨТКІЗУ ҮШІН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
БІЛІКТІЛІК СЫНАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

Бұл спецификация бастауыш білім бағытынан жалпы орта білім беретін мекемелердің оқытушыларын аттестациядан өткізу үшін біліктілік сынақтарында пайдаланылатын тест тапсырмаларының мазмұны, қамтылуы, түріне, пішіні, бағалау өлшемі өз ішіне алады.

I. Жалпы қағидалар

Бағалау мақсаты – үміткерлердің бастауыш білім бағыты бойынша теориялық білімдері, практикалық дағды мен қабілеттерін кешенді бағалау.

Аталмыш бағалау нәтижелері негізінде педагог кадрлар аттестациясына қабылданатын шешімдер негізделген болуын қамтамасыз ету мақсатында бағалаудың барша басқыштарында негізделгендік, сенімділік, әділет пен ашықтық қағидастарын сақтауы қамтамасыз етіледі.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2023 жыл 26 майдағы “Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі және оның жүйесіндегі ұйымдардың қызметін тиімді ұйымдастыру іс-шаралары туралы” RF-79-санды Жарлығы.

2. Министрлер Кабинетінің 2021 жыл 17 сентябрьдегі “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібін жетілдіру іс-шаралары туралы” 572-санды Қаулысы.

3. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2023 жыл 29 декабрьдегі “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібі жетілдірілуіне байланысты Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің “Мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы, профессионал және мектептен тыс білім беру ұйымдарының педагог кадрларын аттестациядан өткізу тәртібін жетілдіру іс-шаралары туралы” 2021 жылғы 17 сентябрьдегі 572-санды қаулысына өзгерту мен қосымшалар енгізу туралы” 692-санды Қаулысы.

III. Бағалау ауқымы

Бастауыш білім пәні оқытушылары үшін мамандық пәнінен жалпы 35, кәсіби стандарттардан 5, педагогикалық шеберліктен 10, жалпы 50 тест тапсырмасы ұсынылады және жалпы тест тапсырмасын орындау үшін орта есеппе 120 минут уақыт берілген. Мұнда жабық тест тапсырмаларынан (бірыңғай дұрыс жауапты талап ететін тест тапсырмалары (Y1), салыстыруды талап ететін тест тапсырмалары (Y2) және бірізділікті талап ететін тест тапсырмалары (Y3) пайдаланылады.

Тест тапсырмаларының сала мазмұны мен бағаланатын білім мен дағдылары бойынша бөлінуі

1-кесте

Сала мазмұны	Бағаланатын конструкторлар	Тесттер саны
1. ҚАЗАҚ ТІЛІ		12
1.1. Мәтінді оқу және түсіну		
Ғылыми-көпшілік мәтінді оқу және түсіну	- мәтін мазмұнына сай мәліметті анықтау; - мәтін бөліктері арасындағы мазмұндық байланыстарды анықтау; - мәтіннің хронологиясы мен реттілігін анықтау; - мәтіндегі факті мен пікірді ажырату, себеп пен салдарды түсіну; - деректерді салыстыру, қорытындылау және үдерістердің реттілігін түсіну.	5
1.2. Тілден іс жүзіндік пайдалану		
Дыбыс пен емле	- айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықтарды ажырата алу; - бас әріптер, негіз және қосымшалар, қосып, ажыратып, сызықшамен жазу ережелерін білу, пайдалана алу; - фонетикалық өзгерістерді (дауыстың ұлғаюы, алмасуы және түсуін) ажырата білу;	2
Пунктуация	- жазбаша сөйлеуде тыныс белгілерін (сұрау, леп, көп нүкте; үтір, тире, екі нүкте; нүктелі үтір, жақша, қос тырнақ) дұрыс қолдана білу;	1
Әдістеме	- сөз бен қосымшалардың контекстегі мағынасы мен міндетін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану;	1
1.3. Тіл теориясы және лингвистикалық талдау		

Лингвистикалық талдау	<i>-мәтінді қазіргі қазақ әдеби тілі фонетикалық, лексикалық мөлшерлері негізінде талдау жасау;</i> <i>-мәтінді сөз құрамына қарай талдау;</i> <i>- мәтінді сөз таптарына қарай талдау;</i>	3
2. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ		7
2.1. Көркем мәтінді талдау		
Көркем мәтінді (проза) талдау	<i>– мәтін тақырыбының оның мазмұнын қаншалықты ашатынын талқылау және сәйкес тақырыпты таңдай алу; мәтіндегі нақты мәліметтерді сызба немесе сурет арқылы анықтау;</i> <i>– мәтіндегі кезеңдік үйлесімділік, хронология және оқиғалардың тізбегі;</i> <i>– кейіпкерлердің көңіл-күйін және ішкі сезімдерін анықтау; шығармадағы екі кейіпкердің қарым-қатынасын сипаттау; әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне балама әрекеттерді қарастыру;</i> <i>– Метафоралар немесе стилистикалық ерекшеліктер сияқты тілдік құралдардың әсерін сипаттау; мәтіннің жалпы мазмұнын немесе тақырыбын түсіну; мәтіннің қай бөлігі белгілі бір мақсатқа қызмет ететінін анықтау;</i> <i>– автор тарапынан ұсынған пайымдаудың адамдардың ой-пікірі мен өмір салтын қаншалықты өзгерте алатынын бағалау; мәтіннен автордың пікірлерін, астарлы ойлары мен идеяларын түсіну.</i>	5
2.2. Қазақ және әлем балалар әдебиеті		
Қазақ және әлем балалар әдебиеті	<i>- жалпы орта білім бағдарламасына енгізілген халық ауыз әдебиеті үлгілерін түсіну, талдау және бағалау;</i> <i>- жалпы орта білім бағдарламасына енгізілген поэзиялық шығармалар үлгілерін түсіну, талдау жасау және бағалау;</i>	2
3. МАТЕМАТИКА		10
3.1. Сандар мен амалдар		

Натурал, бүтін және бөлшек сандардағы амалдар	- натурал, бүтін, бөлшек сандарды анықтау және цифрлардың орын құнын түсіну; - түрлі түрдегі сандар (натурал, бүтін, бөлшек) арасында салыстыру және реттеу, амалдар тәртібін түсіну, бөліну белгілерін қолдану; - мысалда формулаларды қолданып, амалдар тәртібін сақтаған тәрізде шешімін табу;	4
3.2. Алгебралық пайымдау		
Алгебралық пайымдау тұжырымдамасы мен айнымалылар	- алгебралық пайымдауды талдау жасау және берілген алгебралық шешім түзу және есептеу; - теңдеу және теңсіздікті түзу және шешу;	2
3.3. Геометрия және өлшемдер		
Геометрия және өлшемдер	- геометриялық пішіндер мен олардың ерекшеліктерін білу, пішін мен өлшемдер арасындағы байланыстылықты түсіну, берілген өлшемдер негізінде геометриялық мысалдарды шешу; - ұзындық, уақыт, масса, көлем, өлшем бірліктерін табу, өлшем бірліктерін үлкен немесе шағын өлшемдеріне айналдыру, пішін мен өлшеу нәтижелерін математикалық формуламен көрсету және түрлі пішіндердің периметрі мен ауданын өлшеу нәтижелерінің дұрыстығын бағалау;	2
3.4. Үқтималдық теориясы және мәліметтермен істеу		
Үқтималдық теориясы және мәліметтермен істеу	- мәліметтерді түрлі пішіндерде (кесте, диаграмма, график) оқу, орта арифметикалық құнын табу, статистика көрсеткіштері арасындағы айырмашылықты түсіндіру және түрлі мәліметтер жинағы мен үқтималдық нәтижелерін салыстыру; - логикалық пайымдау және арифметикалық амалдарды интеграцияланған комбинаторика мысалдарын шешу;	2
4. ТАБИҒИ ПӘНДЕР		3
4.1. Күн жүйесі. Жердің беті, табиғи аймақтар		

Планеталар. Табиғи аймақтар. Ландшафт	- литосфера, гидросфера, атмосфера қабаттары және оларда болатын табиғи процестерді ажырату; Өзбекстан Республикасының шекарасы, әкімшілік-аймақтық бөлінуі, климаты және ресурстарының комплекс географиялық сипаттамасын; - ландшафт құрамдық бөлімдерін қалыптастыратын процестерді табу және ажырата білу;	1
4.2. Өмірлік жүйелер және ағзалар		
Тірі ағзалардың құрылымы, функциясы.	- өсімдік түрлерінің жасау ортасы, бөліктері және негізгі ерекшеліктерін білу; қарапайым лаборатория тәжірибелерінде бақылау және өлшем нәтижелерін дұрыс қолдану; - жануарлар әлемінің классификациясын білу, экологиялық орта мен адам қызметінің байланыстылығын түсіну, азық шынжырын іс жүзіндік жағдайда қолдану; микроағзаның түрлері және оның ерекшеліктері; - адам ағзасы жүйелерінің аты және функцияларын білу. Биологиялық процестердің (азықтану, зат алмасуы) жай модельдерімен істеу;	1
4.3. Физикалық қасиеттер		
Энергия. Жарықтық. Қозғалыс. Күш.	- берілген денелерді физикалық қасиеттеріне қарай топтарға ажырату; күштің әсерімен қозғалыстың өзгеру себебін түсіндіру; Табиғи құбылыстар мен процестердің негізін түсіну; энергия қасиеттерін табу; табиғи құбылыстардың қандай факторлардың әсерінде болуы, пайда болу реттілігін сипаттау;	1
5. ТӘРБИЕ		3
5.1. Жеке тәрбие және ақылақтық құндылықтар		
Жеке тәрбие және ақылақтық құндылықтар	- ұлттық және жалпыадамилық құндылықтардың маңызын білу; дұрыс және қате іс-әрекеттерді ажырата білу; теңдік пен шынайылық ұстанымдары және этикет ережелерін білу; адалдық, ождан, әдеп, құрмет, ішкі тәртіп пен жауапкершілік, еңбексүйгіштік сезімдерін іс жүзінде қолдану және талдау;	1

5.2. Әлеуметтік және азаматтық тәрбие		
Қоғамдағы міндеттер мен құқықтар	- азаматтық сезімі мен қатыстылық ұстанымдарын реал жағдайларда қолдану, азаматтық құқық пен борыштарын ажырата білу; сезімдерді ажырата білу, қоғам яки жеке дамудағы өзгерістерді анықтау; тәуелсіз шешім қабылдау және сыни пікірлеу дағдылары негізінде оларға талдау жасау; табиғатты қорғау, экологиялық тұрақтылық қатынастарын қолдану;	1
5.3. Мәдениетаралық байланыс және этикалық ережелер		
Өмірлік дағдылар мен қауіпсіздік тәрбиесі	- қоғам, махалла, отбасы мен мәдениет ұғымдарын білу, оларды бір-бірінен ажырата білу, міндеттерін анықтау; ынтымақтастық, бауырмалдық пен ұлтаралық ынтымақтастық ұғымдарын ажырата білу; мәдениетаралық байналыста әдеп ережелерін қолдану; дискриминацияға қарсы мінез-құлық, жеке қауіпсіздік пен салауатты тұрмысын талдау;	1

Мәтіндерге қойылатын талаптар

2-кесте

Мәтіндер	Мазмұндық талаптар	Көлемдік талаптар
Көркем мәтін	Қазақ тілінде жазылған (немесе аударма жасалған) көркем мәтін (прозалық шығармадан үзінді) (тест тапсырушы үшін бейтаныс, қолданыстағы оқулықтарға енгізілмеген)	250-300 сөз
Ғылыми-көпшілік мәтін	Академиялық стильде жазылған, белгілі бір салаға арналған, кең аудиторияға (маман еместерге) бағытталған және графикалық элементтерді де өз ішіне алатын ғылыми-көпшілік мәтін (тест тапсырушыға бейтаныс әрі қазіргі оқулықтарда кездеспейтін).	100-130 сөз

Кәсіби стандарттар және педагогикалық шеберліктен құрастырылатын тест тапсырмаларының салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша бөлінуі

3-кесте

1. КӘСІБИ СТАНДАРТ (36 – 40-сұрақтар)	5
--	----------

1. Кәсіби стандарттар	– педагогтің кәсіби стандарттарын (оқу процесін жоспарлау, білім беру тиімділігін қамтамасыз ету, меңгеруді бағалау және қайта байланысты ұсыну, тәрбиелік қызметті ұйымдастыру, қауіпсіз, дамытушы білім ортасын құру және қамтамасыз ету, өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу, әріптестер мен оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықты) білу және педагогикалық жағдайларда қолдана білу	5
2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК (41 – 50-сұрақтар)		10
2.1. Жалпы педагогика	– педагогика, дидактика, тәрбие және жас психологиясының негізгі түсініктері мен категориялары, педагогикалық жанасулар және білім беру парадигмаларын білу және берілген жағдайға сай келетінін таңдай білу; – педагогиканың қағидаттары (саналылық пен белсенділік, көрнекілік, жүйелілік пен тұрақтылық, ғылымилық, теория мен практиканың бірлігі және басқаларды) білу және берілген жағдайға дұрыс келетінін таңдай білу; – тәрбие және оның түрлерін білу, бір-бірінен ажырату және берілген жағдайға дұрыс келетінін таңдай алу; – сабақ және оның түрлері (жаңа білім беру сабағы, пысықтау сабағы, қайталау және жинақтау сабағы, бақылау (тексеру) сабағы, аралас сабақ; лекция сабағы, сұхбат сабағы, практикалық сабақ, лаборатория сабағы, өзіндік жұмыс сабағы; дәстүрлі сабақ, дәстүрлі болмаған сабақ және басқаларды) білу, сабақты жоспарлау, ұйымдастыру және сыныпты басқару жанасуларын конкрет жағдайларда қолдана білу, білім беру процесін жобалау және басқару, проблемалы жағдайда дұрыс шешім қабылдау; – сынып жетекшісінің құқы пен міндеттерін білу, сынып құжаттарымен істей білу, оларды жүргізуде дұрыс бірізділікті сақтау, сынып ұжымын дұрыс қалыптастыру, қатынаста педагогикалық этика ережелерін сақтау, ата-аналармен ынтымақтастықтың тиімді қалыптарын таңдау, проблемалы жағдайда ең дұрыс стратегиялық жанасуды қолдану; – педагогикалық этика, сөйлеу, техника, шығармашылдық, педагогикалық әдеп, білімпаздық/компетенттік, мәміле мәдениеті, такт/сыпайылық, креативтік, рефлексия және кәсіби өсу негіздерін білуі мен берілген жағдайға сай келетінін таңдай білу; – педагогикалық қабілет және оның түрлері (дидактикалық қабілет, академиялық қабілет, персиптив-педагогикалық	7

	қабілет, сөйлеу мәдениеті, бағалау мәдениеті, технологиялық мәдениет, ұйымдастырушылық қабілеті, коммуникативті қабілет, авторитар қабілет пен басқаларды) білу және конкрет жағдайларда қолдана білу, – білім беру технологияларына (жобаға негізделген білім беру, проблемалы оқыту, ынтымақтастықта оқыту, эвристикалық оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, интербелсенді оқыту, дифференциалды оқыту, интеграл оқыту, ойынды оқыту, инклюзивті оқыту және басқаларды) білу және жағдайларға сай келетінін таңдай білу; – оқытуда бағалаудың негізгі түсініктері (бағалау мақсаты, қағидаттары, жанасулары, бағалау түрлері (формативті, диагностикалық, суммативті бағалау), метод пен технологиялары, құралдарын) білу, берілген жағдайға сай келетінін таңдау және бағалау бойынша қабылданған шешімдердің берілген жағдайдың дұрысына баға беру; – цифрлы сауаттылық, жасанды интеллект, заманауи ақпараттық-коммуникация технологиялары, цифрлы платформалар (emaktab.uz және басқалар) және ресурстарынан (Microsoft Office бағдарламалары, интернет жүйесінен) пайдалануды білуі.	
2.2. Оқыту әдістемесі	– пән мазмұны саласын оқытудың жанасулары, методикасы, оқыту әдістері және методтарын білу және ажырату, берілген жағдайға сай келетінін таңдау және оқыту бойынша берілген білім жағдайға тән қабылданған шешімдерге баға беру.	3
Жалпы		15

Когнитивтік дағдылардың бөлінуі

4-кесте

Р/с	Когнитивтік дәреже	Сипаттамасы	Тест саны
1	Білу	Пәнге тиісті теориялық мәліметтер, терминдер, ережелер, ұғымдарды есте сақтау, олардың мазмұнын, мақсаты мен қолданылуын түсіну	8
2	Қолдану	Білім, ұғым мен жосықтарды жаңа (бейтаныс) контексттерде қолдана білу	35

3	Пайымдау	Факттер, дәлелдер, пікірлерді салыстыру, талдау, болжам жасау және қорытынды(лар) шығару	7
---	----------	--	---

IV. Бағалау мөлшері

Тест тапсырушының жалпы нәтижесін есептеу үшін әрбір дұрыс жауапқа 2 балл, қате жауапқа 0 балл беріледі. Жалпы 100 балды құрайды.

V. Емтихан тәртібі

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде мобиль телефон, ақылды сағат, планшет немесе электронды ескертулерден пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Тәртіп: нұсқа көшіру, көмек сұрау яки көмек беру, емтихан барысында сөйлесу, рұқсатсыз шығу сияқты жағдайларға тыйым салынады.

Бақылаушы ереже бұзушылық орын алғанда, оны рәсімдеп, тыңдаушыны тесттен шеттетіреді және нәтижесі жоққа шығарылады.

VI. Ұсынылған негізгі әдебиеттер

1. Айдарова У.Б, Азизова Н.Қ: “Оқу сауаттылығы” оқулық 1-сынып “Novda” Ташкент - 2024 ж.
2. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 2-сынып “Novda” Ташкент - 2024 ж.
3. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 3-сынып “Novda” Ташкент - 2023 ж.
4. Айдарова У.Б, Тайрова М.Е: “Оқу сауаттылығы” оқулық 4-сынып “Novda” Ташкент - 2023 ж.
5. Репиова И. В: “Математика” оқулық 3-сынып (1-4 бөлім) “Novda”: Ташкент – 2023 ж.
6. Репиова И. В: “Математика” оқулық 4-сынып (1-4 бөлім) “Novda”: Ташкент – 2023 ж.
7. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 1-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.
8. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 2-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.
9. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 3-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

10. Усманова О. В, Рисюкулова И.В: “Тәрбие” оқулық 4-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.

11. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 1-сынып “Novda”: Ташкент – 2024 ж.

12. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 2-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

13. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 3-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

14. Тигай О.Е, .Маликова И.В, Косяненко С.В: “Табиғи пән” оқулық 4-сынып “Novda”: Ташкент – 2023 ж.

15. Абдувалитов Н, Байтураева М, Б.Джулдибекова: “Ана тілі және оқу сауаттылығы” оқулық 1-сынып Республикалық білі беру орталығы Ташкент – 2023 ж.

16. Абдувалитов Н, Байтураева М: “Ана тілі және оқу сауаттылығы” оқулық 3-сынып Республикалық білі беру орталығы Ташкент – 2025 ж.

VIII. Педагогикалық шеберлік және кәсіби стандарттар бойынша ресурстар

1. Мавланова Р.А., Жалпы педагогика. Оқулық. – Ташкент: “Fan va texnologiyalar”, 2018. – 528 б.

2. Мирзаева Ф.О., Педагогика теориясы мен тарихы. Оқулық. – Ташкент: “O‘zbekiston” баспасы, 2023. – 304 б.

3. Холиқов А. Педагогикалық шеберлік. Оқулық, – Ташкент: “Bayoz” баспасы, 2025. – 504 б.

4. Муслимов Н.А. және басқалар., Педагогтық компетенттік және креативтік негіздері. Оқу-методикалық қолданба. – Ташкент: “Bayoz” баспасы, 2024. – 144 б.

5. Толипов У., Розиева Д. Педагогикалық технологиялар және педагогикалық шеберлік. Оқу қолданба. – Ташкент: “Innavatsiya-ziyo” баспасы, 2019. – 276 б.

6. Ш. Абдураимов в.б. Таълимда баҳолаш ва мониторинг асослари. Ўқув-услугий қўлланма. – Тошкент, ТДЮУ нашриёти, 2026. – 208 бет.

7. Умумий ўрта таълим мактаб ўқитувчиси касб стандарти.

8. Абдувалитов Е.Б. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Ташкент: Bookmanу print, 2022. – 132 б.

9. Дүйсебаева Д., Сайфуллаев Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Ташкент: Bookmanу print, 2024. – 218 б.

Ескерту: тест тапсырмаларының мазмұны ұсынылған әдебиеттерде көрсетілген мазмұнға, принциптерге және тәсілдерге сәйкес жасалған, бірақ тест тапсырмалары тікелей дереккөздерден алынбайды. Біліктілік тестіне дайындалу барысында ұсынылатын әдебиеттер есте сақтау көзі ретінде қызмет етуден гөрі жалпы кәсіби дайындықты күшейтуге бағытталған.

Қосымша әдебиеттер

1. Әдебиет, 5-сынып, С.Досымбетова, А.Тәжібаева, А.Үмбетова. Ташкент. «Өзбекстан», 2024.
2. Әдебиет, 6-сынып. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетова, А.Бектаев. «Өзбекстан», 2022.
3. Қазақ тілі, 5-сынып. У.Байқабылов, Г.Нишанова, М.Темірбаева. Ташкент. «Өзбекстан», 2020.
4. Қазақ тілі, 6-сынып. У.А.Байқабылов, Д.Дүйсебаева, А.Ж. Үмбетова, Г.А.Нишанов. Ташкент – 2022.
5. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.
7. Әдебиеттану терминдері сөздігі.
8. Ертегілер. Жинақ